

1. Негізінен бос таужыныстарынан және айырып алынуы технологиялық тұрғыдан мүмкін емес немесе экономикалық тұрғыдан тиімсіз, құрамында өте аз мөлшерде пайдалы компоненттері бар байыту үдерістерінің қалдық өнімі
  - A) концентрат
  - B) бағалы компоненттер
  - C) аралық өнім
  - D) байыту қалдықтар
  - E) залалды қоспалар
2. Таужыныстарына түскен сыртқы механикалық күштердің таралуы кезінде таужыныстарында пайда болатын осы күштерге қарама-қарсы тұратын ішкі күштер
  - A) кернеуі
  - B) қаттылығы
  - C) түрпілігі
  - D) бекемділігі
  - E) сығылуы
3. Көлденең қимасының пішіні трапеция тәрізді немесе тік бұрышты, көлденең қимасының өлшемдерімен салыстырғанда созылымы көп ұзын және тереңдігі саяз ашық тау-кен қазбасы
  - A) оржолдар
  - B) карьер
  - C) ор
  - D) шахта
  - E) разрез
4. Кемер беткейінің төменгі және жоғарғы алаңдармен қиылысқан сызықтары кемердің
  - A) биіктігі
  - B) жиектері
  - C) беткейі
  - D) кенжары
  - E) алаңдары
5. Тұрақтылығы орнықсыз, бекемдігі орташа немесе одан төмен таужыныстары сілемінде шоғарланған жатыстары күртқұлама, кен қалыңдығы 1,5 м және еңкіш орналасқан қалыңдығы 4,0 метрге дейінгі кендерді игеру үшін қолданылатын игеру жүйесі
  - A) қабаттап опыра игеру
  - B) камералы-бағаналы игеру
  - C) біртұтас игеру
  - D) төбекемерлі игеру
  - E) қабатшалар мен жолақшалармен игеру

6. Аршыма таужыныстарының көлемінің (массасының) пайдалы қазындылардың көлеміне (массасына) қатынасы
- аршу коэффициент
  - карьерді салу кезіндегі өндірілген пайдалы қазынды көлемі
  - пайдалы қазындының орташа тығыздығы
  - аршыма таужыныстарының орташа тығыздығы
  - карьерді салу кезіндегі шығарылған аршыма таужыныстары көлемі
7. Пайдалы қазындылардың кенорнын игеру кезеңдері
- қазу
  - дайындау және тазарта қазу (өндіру)
  - ашу, дайындау және тазарта қазу (өндіру)
  - тазарта қазу (өндіру)
  - ашу және дайындау
8. Ылғалды майда ұсақталған материалдардың қосымша қысымсыз айналмалы қозғалыстың әсерінен сфера пішінді түйіршіктер – шекемтастар құру қабілетіне негізделген үдеріс
- аса ірілеу
  - түйіршіктеу
  - кептіру
  - флотациялау
  - агломерациялау
9. Орташа аршу коэффициенті  $K_{ор}$  ( $m^3/m^3$ ) карьердің ақырғы контурындағы немесе кенді игерудің ұзақ кезеңіне келтірілген аршыма таужыныстары көлемінің осы контурлардағы пайдалы қазындылар көлеміне қатынасы
- $K_{ор} = \frac{V_{к.а}}{V_{к.п}}$
  - $K = \frac{C_{ж} - C_{е}}{C_a}$
  - $K = \frac{V_{ж.а}}{V_{ж.п}}$
  - $K = \frac{V_{к.а}}{V_{к.п}}$
  - $K = \frac{V_{ж.а} - V_{с.а}}{V_{ж.п} - V_{с.п}}$
10. Созылымы ұзын забойлармен игеру жүйелерінен біртұтас және бағаналы игеру жүйелеріндегі тазарта қазу забойлары
- еңкіштер
  - горизонттар
  - өрлемелер
  - квершлагтар
  - лавалар